**Бекітемін:**

**Мектеп меңгерушісі Шалабаева Ж.С.**

# ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы :Милы бастауыш білім беретін мектебі , «Шұғыла» шағын орталығы
Топ: ересек
Балалардың жасы: 4 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 16.09 - 20.09.2024ж.

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br><br>«Ақ тілек» шаттық шеңбері.<br>Адал жақсы ниетпен,<br>Бар адамға бақ тілеп,<br>Жарып шыққан жүректен,<br>Сөздің бәрі - Ақ тілек.<br>(сөйлеуді дамыту) | Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br><br>Сәлемдесу<br>Арайлап таң атты,<br>Алтын сәуле таратты.<br>Күлімдеп күн шықты,<br>Жадырап нұр төкті.<br>Қайырлы күн, достарым!<br>(сөйлеуді дамыту) | Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br><br>Сәлемдесу<br>«Қайырлы таң!»<br>Қайырлы таң, құсқа да, аңға да,<br>Қайырлы таң, жайдары жанға да.<br>Қайырлы таң алға ассын,<br>Кешке дейін жалғассын!<br>(сөйлеуді дамыту) | Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br><br>Сәлемдесу<br>Біз балдырған тең басқан,<br>Дос құшағын елге ашқан.<br>Тілегіміз тыныштық,<br>Ашық болсын кең аспан.<br>Мықты болсын іргеміз,<br>Бәріміз де біргеміз.<br>(сөйлеуді дамыту) | Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка)<br><br>BilimKids дамытушы мультфильмді қосып қарсы алу.<br>"Қайырлы таң"<br>https://cdn.onlinebalabaqsha.kz/inside2020/storage/media/video/8/file/0PBtgzZUyE.mp4<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка)<br>Күй күмбірі . «Жастар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу** | Ата-аналарға кеңес: «Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру». | «Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?» тақырыбында әңгіме жүргізу. | «Менің достарым» атты тақырыпта көрме ұйымдастыру. | «Балабақша ережелері» тақырыбында әңгіме жүргізу. | Ата-аналардан сауалнама алу. |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | «Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Ұйымдастырылған іс-әрекетке керек материалдар мен құрал-жабдықтарды дайындаймыз". Мақсат-міндеттері. Тапсырылған іске жауапкершілік сезімдерін дамыту, балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке керек материалдар мен құрал-жабдықтарды тиянақты жинауға дағдыландыру.<br><br>«Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Гимн орындауы. Міндеттер: | «Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Біздің шкафта тәртіп бар". Мақсат-міндеттері: балаларға сыртқы киімге арналған шкафта заттарды бүктеу кезінде ұқыптылыққа үйрету. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)<br><br>Дидактикалық ойын «Түстері бойынша бөл». Мақсат-міндеттері. Өз еріктерімен суреттерді бояуды үйрету. (сурет салу, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)<br><br>Зерттеу іс әрекет: Тақырыбы: Түрлі | «Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Кір сүлгілерді ауыстыру". Мақсат-міндеттері: еңбекке тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні іліп қою және ұқыптылықты үйрену. Еңбекке баулу. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)<br><br>"Tigtag Junior" бейнематериал қосу. Ғажайып өсімдіктер https://bilimkids.kz/media/video/gazaiyp-osimdikter (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br><br>«Суреттер құрастыру». Мақсат-міндеттері. | «Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Кітап бұрышындағы еңбек". (кітаптарды қалпына келтіру). Мақсат-міндеттері: балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауды және оларды мұқият желімдеуді үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарауға, жұмыс істеуге, тәртіп сақтауға тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)<br><br>Мүсіндеуден ойын-жаттығу. "Сұр қоян". Мақсат-міндеттері. Балаларға бөлшектерді біріктіру арқылы сұр | «Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Бөлме өсімдіктерін бүріккіш пистолеттен сумен бүрку". Мақсат-міндеттері. Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; балалардың ұғымында жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы түсініктерді бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Балаларға өсімдіктерді суару қажеттілігін өз бетінше анықтауды үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)<br><br>Шығармашылық ойын: «Менің қиялым» Міндеттер: балаларды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка)<br><br>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу. "Менің мекенім тақырыбына әңгімелесу". Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымдарында мекенжай туралы түсініктерін қалыптастыру. Қазақстандағы ауыл мен қала елді мекендер мен табиғаттың ерекшеліктері жөнінде жалпы ұғымдар беру. | түсті бояулар Міндеттер: түстердің өзгерістеріне зерттеу жүргізеді. (қоршаған ортамен таныстыру)<br><br>"Tigtag Junior" бейнематериал қосу. Жердегі тіршілік https://bilimkids.kz/media/video/zerdegi-tirsilik (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) | Балаларға ұсақ суреттерден бір мазмұнды сурет құрастыруды үйрету, әңгіме құрастыра білу, тіл байлығын, ой-өрісін дамыту, әртүрлі мазмұнды суреттер құрастыруға деген балалардың қызығушылығын арттыру. (құрастыру, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен танысу) | қоянды мүсіндеуді үйрету. | елестету және заттарға қарап салу дағдыларын қалыптастырады. (Сурет салу) |
| **Ертеңгілік жаттығу** | 1. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол белде.<br>1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып: "Міне!" дейді<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 5-6 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол көкірек тұсында.<br>2.1. Аяқтарын сәл бүгіп, қолдарын иек тұсына көтеріп "Міне!" дейді.<br>3. Бастапқы қалып: жерге отыру, аяқтарын алшақ қояды, дене бос, қол иек тұсында (жаттығу 5-6 рет қайталанады).<br>3.1. Жерге отырған қалыпта қолдарын шапалақтайды.<br>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады). | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене тік, қол көкірек тұсында.<br>4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарын көкірек тұсында ұстау.<br>4.2. Бастапқы қалып алақандарын ашу "Міне!" дейді (жаттығу 5 рет қайталанады). (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту) | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Жанды және жансыз табиғат туралы әңгімелесу. (қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу) | Жанды табиғат туралы әңгімелесу. (қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу) | «Тілек тілеу».<br>Барлығымыз табиғатты сүйеміз,<br>Үлкендердің сөзін ойға түйеміз.<br>Денсаулықты әрқашан да сақтаймыз,<br>Бейбіт өмір баршамызға тілейміз!<br>(Шеңбер құрып, қайталайды).<br><br>Күз ерекшеліктері жайлы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту) | BilimKids дамытушы мультфильм<br>Инси-Уинси өрмекші<br>https://bilimkids.kz/media/video/insi-uinsi-rmekshi | Достар бері, келіңдер,<br>Қолдарыңды беріңдер.<br>Шаттық толы шеңберге<br>Қуанышпен еніңдер.<br>(Г.Абдрахманов)<br>Шеңберде қол ұстасып тұрып, өлең жолдарын бірге айтады.<br>Жанды және жансыз табиғат жайлы әңгімелесу. (қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | Дене шынықтыру<br>"Шынықсаң - шымыр боласың".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға құрсауларды домалатуды үйрету. | Қазақ тілі<br>"Уақыт. Тәулік бөліктері. Күн тәртібі."<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың ұғымындағы тәулік бөліктері туралы білімдерін, уақыт туралы түсініктерін қалыптастыру, күн | Дене шынықтыру<br>"Біз алғырмыз".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға аяқтың ұшымен жүгіруді; гимнастикалық орындықтың үстінде тепе-теңдікті сақтап жүруді үйрету. | Музыка<br>"Жаңбыр"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды әнді тыңдап отырып, мағынасын түсіне білуге және ырғақты айыра білуге үйрету. | Дене шынықтыру<br>"Бөренемен төрттағандап жүру".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға бірінің артынан бірі қатармен жүруді жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; сапта тұрып, тізені жоғары көтеріп адымдауды үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | тәртібін құру қағидасын түсіндіру; «ереже», «күн тәртібі» туралы түсініктерін дамытуға ықпал ету.<br><br>Музыка<br>"Жау, жау, жаңбыр"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды әнді тыңдай отырып, мағынасын түсіне білуге үйрету; жәй және көңілді әндерді тыңдай білу қабілетін қалыптастыру; музыкалық ырғақты қимылдарды музыка әуенімен үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыкалық аспапта ойнау қабілетін қалыптастыру; табиғат туралы ұғымдарын кеңейту. | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | Балаларды серуенге ынталандыру, киімдерін ретімен киюді, барлық түймелерін түймелеуді, бір-біріне көмектесуді үйрету.<br>Бақшадағы көгөністерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)<br>(Қырыққабат, қызылша, қызанақ, бұршақ.)<br>Тақпақ.<br>Көгөністі көп ектік,<br>Өссін, піссін деп ектік,<br>Көктемде еккен көгөніс,<br>Күзде берді көп өнім.<br>Бақылау: көгөністер жөнінде білімдерін кеңейту: аты, түсі, дәмі, тағам түрінде қолданылуы, құрамындағы | Балаларды серуенге ынталандыру, киімдерді ретімен киюді, түймелерің түмелеуді, бір-біріне көмектесуді үйрету.<br>Гүлдерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Гүлдердің атауларын, оларды бір-бірінен ажыратуды үйрету.<br>Тапқырлықты, ақыл-ой ұшқырлығын дамыту.<br>Нарғызгүл (георгин), қашқаргүл (астра), қырмызыгүл (календула).<br>Жұмбақ.<br>Құлпырса қадірлейді, аялайды,<br>Құрғаса сыпырғышқа жарамайды. (Гүл.)<br>Бақылау: гүлзардағы гүлдердің 2-3 түрінің айрықша белгілерін анықтауды үйрету; | Балаларды серуенге ынталандыру, киімдерін рет-ретімен киюді, түймелерін анықтап түймелеуді, бір-біріне көмектесуді үйрету.<br>Түскен жапырақтарды бақылау. (қоршаған оратмен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, сурет салу)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Күзгі табиғаттың сұлулығын байқауды үйрету. Тілін дамыту.<br>Жұмбақ<br>Ағайынды бәрі,<br>Шықса жасыл,<br>Түссе сары.<br>(Жапырақ.)<br>Бақылау: ағаштардағы жапырақтардың азайғандығына балалардың назарын аудару: жапырақтар түсіп, айналып, | Балаларды серуенге ынталандыру, киімдерін рет-ретімен киюді, түймелерін анықтап түймелеуді, бір-біріне көмектесуді үйрету.<br>Шалшықтағы суды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)<br>Көркем сөз.<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға бетіңді жу.<br>Тазалықтың досы,<br>Су дегенім осы.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Күз мезгілінің ерекшеліктерін байқауды үйрету.<br>Бақылау: балалардың назарын жаңбырдан соң жиналатын шалшық суларға аудару. Жаздың ыстық күнінде шалшық сулардың | Балаларды серуенге ынталандыру, киімдерін рет-ретімен киюді, түймелерін анықтап түймелеуді, бір-біріне көмектесуді үйрету.<br>Аула сыпырушының жұмысын бақылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі, көркем әдебиет)<br>Мақал-мәтел.<br>Еңбексіз өмір – сөнген көмір.<br>Бақылау: аула сыпырушының еңбек ету барысын бақылау, еңбек нәтижесін атап көрсету (таза жолдар, бау-бақшаларда түскен жапырақтардан тазалау) және оның маңыздылығы; еңбек құралдарын атап беру (сыпырғыш, қалақ, күрек, қоқыс жәшігі). Аула сыпырушы еңбегінің нәтижесіне ұқыпты қарауға тәрбиелеу.<br>Қимылды ойын.«Құнан шабысы» (қырғыз халқының ұлттық ойыны).<br>Мақсат-міндеттері. Ойын ережесін сақтауды (белгіден соң жүру, бірін-бірі итермеу) үйрету. Жылдамдықпен күш жігерді дамыту. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)<br>Еңбек: аула сыпырушыға көмектесу.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға ересектерге көмектесуге үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дәрумені; күзде көгөністерді жинау; көгөністердің пісіп-жетілуіне мән беру; топырақ салынған жәшіктерді арнайы бөлмелерде сақтау. Өз еңбегінің нәтижесіне ұқыпты қарауды үйрету. Қимылды ойын. «Бағбандар». Мақсат-міндеттері. Балаларды бақшаны бірлесіп жинауды үйрету. Ойын ережесі: тәрбиешінің белгі беруін күтіп, эстафетаны жалғастыру. (дене шынықтыру) Еңбек: бақшадағы жұмыс, көгөністерді жинау. (еңбек іс-әрекеті) Бақшадағы көгөністерді жинап, ересектер мен достарына белсенді түрде көмек көрсеткен балаларды | оларды ағаштардан ажырата білу; олар қайда өсетінін білу (орман, бақша және тағы басқа). Күзгі гүлдердің сұлулығын сезінуге тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Бақшадағы тауықтар». Мақсат-міндеттері. Қимыл шапшаңдығы мен ептілікті дамыту. Ағаштарға өрмелеп шығып, белгілі бір жерге секіріп түсуді үйрету. Ойын барысында достық қарым-қатынасты сақтауға тәрбиелеу. (дене шынықтыру) Еңбек: бақшада жұмыс (жер қазу). (еңбек іс-әрекеті) Ересектерге белсенді көмек көрсеткен балаларды мақтау және марапаттау. Ұжымдық тапсырманы бірлесіп орындауға тәрбиелеу. | түстерін өзгертуде. Жапырақтардың маусымдық өзгерістеріне, сұлулығына сүйсіне қарауға тәрбиелеу. Тәжірибе: құрғақ жапырақтардың үстімен жүру. Қорытынды: жапырақтар аяқ астында сусылдайды. Қимылды ойын: «Тыныш жүгіріп өт». Мақсат-міндеттері. Ойын ережесін сақтап ойнауд үйрету. Жапырақтардың үстімен белгілі бір уақытта ақырын жүріп өту. Ережені сақтай отырып (мәреге дейін жүгіріп бару, кері жүгіріп қайту). Ойындарға белсенді қатысуын талап ету. (дене шынықтыру) Еңбек: түскен жапырақтарды | жерге тез сіңіп, ал күзде жерге тез сіңіп кетпейтініне назар аудару. Тәжірибе. Суға тастар мен жаңғақтарды лақтыру. Мақсат-міндеттері. Кейбір заттардың суға батып кететінін, ал кейбіреулерінің су бетінде қалқып жүретінін бақылау. Қимылды ойын: «Бір аяқпен жолдан секіру». (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Ойын алаңындағы ережені сақтай отырып, бір аяқпен алға жылжып секіруді үйрету. Еңбек: балалармен бірге балабақша алаңын жылы сумен жууды бақылау, еңбектің маңыздылығын сезінуге және | Еңбектенуге құштарлықтарын дамыту, басқалардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу тәрбиелеу. Өз бетімен ойналатын ойындар: доппен ойын. Мақсат-міндеттері. Әр балаға доппен ойнау мүмкіндігін беру. Ойын барысында еркіндік пен қуаныш сезімін оята білу. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен танысу) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мақтау.<br>Өз бетімен ойындар.<br>«Көгөністер дүкені».<br>Мақсат-міндеттері.<br>Көгөністер мен жеміс-жидектерді құмнан мүсіндеу.<br>Берілген ойын тақырыбында шығармашылық және белсенділік көрсеткендерді мақтау; ойынға қызығушылықтарын қолдау және дамыту.<br>Көгөністер мен жемістер туралы алған білімдерін бекіту. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет) | Өз бетімен ойнайтын ойындар.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Түстерді үйлестіруді үйрету.<br>«Геометриялық пішіндерді түскен жапырақтармен әшекейлеу».<br>(математика негіздері, қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)<br>Әр балаға өз еңбегіне қанағаттанарлық жұмыс істеуіне көмектесу. Сөздік қорын дамыту. | жинау.<br>Белгіленген жерге түскен жапырақтарды тырнауышпен жинап тасуды үйрету.<br>Балалардың бірігіп жұмыс істеуін қадағалау.<br>Өз бетімен ойындар: «Жапырақты кілем».<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың бірлесіп ойнауларын ұйымдастыру.<br>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі) | үлкендерге көмектесуге үйрету.<br>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)<br>Өз бетімен ойналатын ойындар: гимнастикалық құралдарға өрмелеу (баспалдақ және тағы басқа).<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың қосалқы ойындарға қызығушылықтарын дамытып, бір-бірімен тату ойнауға тәрбиелеу. | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті** | Математика негіздері "Үш марғау"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды 3 | «Пішінді құрастыр».<br>Мақсат-міндеттері.<br>Түстер мен пішіндер арқылы құрастырып | Математика негіздері "Цирк әртістері".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды 2 саны | Сурет салудан ойын-жаттығу.<br>"Арқасын жиырған мысық". | Құрастырудан ойын-жаттығу.<br>"Ханзада бақа".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ағайынды Гриммнің "Бақа |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | санының жасалуымен және 3 цифрымен таныстыру; бірнеше заттар тобын салыстыра білуге, үлкен санды атай алуға жаттықтыру; "Барлығы қанша?" сұрағына жауап беруге үйрету.<br><br>Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу.<br>"Жабайы жидектер".<br>Мақсат-міндеттері. Жабайы жидектердің пайдасы мен зияны туралы түсініктерін пысықтау.<br>"Қарақаттан не жасайды?" жаттығуы.<br>Мақсат-міндеттері. Жидектердің қасиеттері туралы түсініктерін кеңейту. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі) | үйрету. Есте сақтау, көру, ажырату қабілеттерін дамыту. (математика негіздері, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен танысу)<br><br>Сюжеттік-рөлді ойын.<br>"Табиғи қорық".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға табиғи қорықтар туралы түсінік беру, "Қызыл кітап", қорықта қызмет ететін орманшы, аңшы, ағаш кесуші, ветеринар дәрігер жайлы түсініктерін бекіту; орман қызметкерлері орманды, ондағы тіршілік ететін аңдарды қорғауда қандай рөл атқаратынын анықтау; еңбексүйгіштікке, | және цифрымен таныстыру; 2 санының жасалу жолын көрсету; 1 және 2 цифрының бейнесін айыра білуге үйрету; 2 санын дұрыс жазуға жаттықтыру.<br><br>Дидактикалық ойын «Тап та, атын ата».<br>Мақсат-міндеттері. Түсті қабылдауын және қолдың ұсақ моторикасын дамыту. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен танысу)<br><br>Дидактикалық ойын. «Жануарлардың төлдерін тауып, оларды бір-бірлеп атап бер".<br>Мақсат-міндеттері. Үй жануарларын бір-бірінен және төлдерін ажырата білуді, оларға күтім | Мақсат-міндеттері. Балаларға арқасын жиырған мысықтың бейнесін бормен салу амалдарын үйрету; қағаздың ортасына мысықтың денесі мен аяқтарын доғалы сызық негізінде салып, бір жағына дөңгелек басын, екінші жағына ұзын құйрықты салу тәртібін қалыптастыру.<br>Ойын-жаттығу. "Бірдей мысықты тап".<br>Мақсат-міндеттері. Байқампаздықты, сөйлеуді, зейінді, ойлау қабілетін дамыту.<br><br>Сюжетті-рөлдік ойын. "Хайуанаттар бағы".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың хайуанаттар бағы, қамқорлыққа алынған аңдар, хайуанаттар бағында қызмет атқаратын ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман), зоолог | ханзада" ертегісінің басты кейіпкері бақаны қағаздан құрастыруды үйрету.<br><br>Математика негіздерінен ойын-жаттығу.<br>"Санауды үйренемін. Тәулік бөліктері".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың тәулік бөліктері жөнінде,"таңертең", "күндіз", "кеш", "түн" туралы түсініктерін тиянақтау, заттардың саны, заттарды белгілейтін сандар туралы ұғымдарды қалыптастыру.<br><br>"Дидактикалық ойын ""Жұмбақ сан"".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қосу мен алудың қарапайым математикалық әрекеттеріне дайындауға ықпал ету; алдыңғы және кейінгі сандарды алғашқы ондықта анықтау дағдыларын нығайтуға көмектесу.<br>Сипаттама. Мысалы, үш санынан үлкен, бірақ бес санынан аз; қай сан үштен аз, баладан соны болжауды сұраңыз. Бала әртүрлі сандарды атайды, ал мұғалім |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | "Дидактикалық ойындар ""Геометриялық пішіндер"".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға біреуі артық немесе кем санды тауып, атауды үйрету.<br>Көрнекілік: геометриялық пішіндер салынған карточкалар жиынтығы.<br>Барысы: балалар геометриялық ұшбұрыш, шаршы, дөңгелек тәріздес пішіндерді пайдаланады.<br>Педагог тапсырма береді, балалар оны жеке орындайды. (математика негіздері, құрастыру, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, жапсыру)<br>1-тапсырма. Дөңгелектерден біреуін артық етіп, үшбұрыштарды | аңдарға қамқорлық таныту сезімдерін тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Табиғи қорық қызметкерлеріне қажет құралдар мен бұйымдар; алғашқы көмек сөмкесі; ойыншық аңдар мен құстар; жасанды орман, бұлақ, тау үлгісі.<br>Барысы.<br>Педагог балалармен бірге дайындық жұмысы ретінде табиғи қорық жайлы суреттер қарастырады, Қазақстанның табиғи қорықтары жайлы бейнежазба көру.<br>Балалар табиғи қорықта орманшы, аңшы, ағаш кесуші, ветеринар дәрігер сияқты мамандар не істейтінін (орманшы ауру ағаштарды | және қамқорлық танытуға тәрбиелеу.<br>Ойын ережесі: ойыншық үй жануарлары үстелдің үстінде тұру керек.<br>Балалар ойыншықтарды мұқият қарап алады.<br>Тәрбиешінің белгісі бойынша көздерін жұмады, сол кезде тәрбиеші үй жануарларының бір төлін тығып тастайды. Тәрбиеші балалардан ненің төлі жоқтығын сұрайды? Балалар жауап беру керек.<br>Ойын бірнеше рет ойналады. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі, көркем әдебиет) | (жан-жануарлар бойынша маман), герпетолог (қосмекенділер бойынша маман), күтуші жайлы түсініктерін, бекіту; хайуанаттар бағында мамандардың қандай қызмет атқаратынын анықтау; еңбексүйгіштікке, жан-жануарларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Хайуанаттар бағы қызметкерлеріне қажет құралдар мен бұйымдар; алғашқы медициналық көмек сөмкесі; ойыншық аңдар мен құстар; ойыншықтарға арналған тор пішіндер.<br>Барысы.<br>Педагог ойын алдында балалармен бірге хайуанаттар бағы жайлы суреттерді қарастырады, әлемде қорғауға алынған аңдар туралы бейнежазба көрсетеді.<br>Ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар | аталған саннан көп немесе аз деп айтады. Содан кейін баламен рөлдерді өзгертуге болады. (математика негіздері, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен танысу)" |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қойыңдар.<br>Педагог үш дөңгелек салынған сандық карточканы көрсетеді.<br>2-тапсырма. Мұндағы дөңгелектерден біреуін кем етіп, шаршыларды қойыңдар.<br>Педагог бес дөңгелек салынған сандық карточканы көрсетеді.<br>3-тапсырма. Дәл осындай пішінді көрсетіңдер.<br>Педагог дөңгелекті көрсетеді.<br>Ойын соңында қорытынды шығарылады, зеректік танытқан баланы педагог мақтайды. Ойынның барысында балалардың зейіні, қол қимылының жылдамдығы, дәлдігі қалыптаса бастайды | тауып, ағаш кесушіге шабуға тапсырма береді, ауырған аңдарды байқап, ветеринарға көрсетеді, аңшы саны артқан жыртқыштарды атады); қандай құралдарды қолданатынын талқылау керек.<br>Балалар табиғи қорықта жұмыс істейтін қызметкерлердің қандай қызмет атқаратынын өздері таңдайды.<br>Кейіпкерлер өздеріне керек киім үлгілері мен құралдарды алып, орындарына барады. Қалған балалар қолдарына ойыншық аңдар мен құстарды алады да, белгіленген орынға отырғызып, қозғалтып, қимылға келтіреді. | | бойынша маман), зоолог (жан-жануарлар бойынша маман), герпетолог (қосмекенділер бойынша маман), күтуші сияқты мамандардың қызметінің маңызы, олар қолданатын құралдар жайлы талқылау қажет.<br>Балалар хайуанаттар бағында жұмыс істейтін қызметкерлерді өздері таңдайды. Кейіпкерлер өздеріне керек киім үлгілері мен құралдарды алып орындарына барады. Қалған балалар қолдарына ойыншық аңдар мен құстарды алады да, белгіленген орынға отырғызып, қозғалтып, қимылға келтіреді. Мамандар аңдар мен құстардың орнын қарап, өз көмектерін көрсетеді. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: сиреп бара жатқан аңдар үшін жауапкершілікті сезіну, тірі табиғат | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | және санауды, біреуі артық немесе кем санды тауып, оны атауды үйренеді. (математика негіздері, құрастыру, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, жапсыру) | Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: адам тірі табиғаттың тіршілік заңын бұзбау керек, оларға көмектесу және қорғау керек. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу) | | тіршілігінің заңдылығын бұзбау, қамқорлық таныту және олардың тіршілігі үшін қолайлы жағдай туғызу керектігі жайлы айту. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу) | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | «Сөзді аяқта» дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Сөйлеу тілін дамыту. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу) | Саусақ жаттығуы.<br>1. Шынжыр.<br>Оң және сол қолдағы басбармақпен балаң үйрек саусақтары түйісіп, жүзіктер секілді айқасып, шынжыр жасайды.<br>2. Піл.<br>Оң қол алақаны жайылып тұрады. Сол қол саусақтары бас бармақ пен кішкене бөбек артқы аяғы болса, балаң үйрек пен шылдыр шүмек алдыңғы аяқтары, ал ортаңғы саусақ пілдің тұмсығы. | «Мозаика».<br>Мақсат-міндеттер: балаларға әртүрлі заттар, геометриялық пішіндер құрастыруды үйрету, түстерімен таныстыру, балалардың ой-қиялын дамыту, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>Ойын атрибуттары: мозаика ойыншықтары.<br>Ойынның барысы: Тәрбиеші мозаика бейнеленген көрнекіліктерді (ойыншықты) | Театрды сахналау.<br>"Қасқыр және жеті лақ" ертегісінің желісін саусақ театры арқылы сахналау.<br>Мақсат-міндеттері. Ертегі желісінің мазмұның білуге үйрету.<br>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) | Геометриялық фигуралар<br>Мақсат-міндеттері.<br>Геометриялық фигуралар туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>(математика негіздері, құрастыру, жапсыру, сурет салу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен танысу) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | (сөйлеуді дамыту) | көрсетіп, оның мозаика деп аталатынын, одан геометриялық пішіндер, заттар құрасытруға болатынын айтады. Балаларға өрнектердің түсінің үйлесімділігіне көңіл бөліп, заттардың пішініне сәйкес орналастыра білуге бағыт беріледі. (математика негіздері, қоршаған ортамен танысу) | | |
| **Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)** | Ата-аналарға кеңес: «Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру». | «Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?» тақырыбында әңгіме жүргізу. | «Менің достарым» атты тақырыпта көрме ұйымдастыру. | «Балабақша ережелері» тақырыбында әңгіме жүргізу. | Ата-аналардан сауалнама алу. |